

Топ жарған тоғызқұмалақшы

Жерлесіміз жеңіс тұғырынан көрінді

Тоғызқұмалақ – ақыл-ойдың ұшқырлығын талап ететін ең күрделі ұлттық ойын түрлерінің бірі.

Зерттеушілер оның төрт мың жылдық тарихы бар, өте пайдалы зияткерлік ойын дейді.

Ағымдағы жылдың 25-сі мен 2-ші сәуір аралығында Павлодар қаласында Қазақстан Республикасы жастары арасында ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақтан чемпионат өтті.

Қостанай облысының құрама командасына Асхат Айсаев, Рауан Мінайдаров, Диас Мұқатай, Жансая Смаилова кірді. Бұл спортшылар тоғызқұмалақ ойынының ережесін, тәлімгерлері Ырысбай Үмбетовтен үйреніп, бүгінде үлкен жарыстарда өз бақтарын сынап жүрген мықты спортшылардың қатарында.

Жыл сайынғы дәстүрлі түрде өткізілетін Қазақстан Республикасының чемпионатында жерлесіміз Жансая Смаилова намысты қолдан бермеді. Үлкен еңбек пен дайындықтың арқасында тоғызқұмалақшы Жансая жеңіс тұғырынан көрінді. Оның қоржынына бір алтын, бір қола медаль қосылды. Ол өткен чемпионатта өзінің жақсы дайындықпен келгенін көрсетіп, мықты спортшы екенін дәлелдей



Чемпионат барысында Жансаяның қарсыласымен тартысқа түскен сәті (сол жақта жерлесіміз Жансая)

білді. Жансая тағы бір мәрте тоғызқұмалақ шебері екенін көрсетті.

Жансая Смаилова біздің ауданымыздың мақтанышына айналған, нағыз мықты спортшылардың бірегейі. Ұлттық ойынның сырын жақсы игерген нағыз тоғызқұмалақшы. Жансая бүгінде Қазақстан Республикасының құрамында және Қазақстан Республикасының спорт шебері. Жансаяның бүгінгі күнге дейін жеткен еңбегі мен жетістіктеріне бапкерлері де дән риза.

- Әр спортшының жеткен жетістігі, бапкер үшін

үлкен қуаныш. Жансая да біздің үмітімізді ақтап, көп жарыстарда өз бағын сынап, намысты қолдан бермей жүрген спортшылардың қатарында. Тоғызқұмалақ күрделі ойындардың бірі. Ол бұл күрделі спорт түріне аса жауапкершілікпен қарайды. Алдағы күнде Жансая қызымыздың болашағына деген үміт зор. Әлі талай биік белестерді бағындырып, сан мәрте жеңіс тұғырынан көрінері сөзсіз, - дейді Қостанай облысының аға жаттықтырушысы Батырхан Әбілбеков.

Ауданымыздың мақта-

нышына айналып, облысымыздың намысын қорғап жүрген Жансая Смаилова үшін, тоғызқұмалақ өмірінің бір бөлшегіне айналды. Дәстүрлі ұлттық ойынның қыр-сырын игерген жас спортшыны жеңіспен құттықтап, алдағы күндерде Ақтөбе қаласында өтетін қыздар арасындағы командалық чемпионатта сәттілік тілейміз. Жансая аталмыш чемпионатта да жақсы жетістікке қол жеткізіп, жеңіс тұғырынан көрінетініне сенімдіміз.

*Тұрсынай
МУХТАРҚЫЗЫ*